

Бесқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 26/7-V " Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 01 шілдедегі № 4/8-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 шілдеде № 4618 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 қазандағы № 29/7-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 17.10.2018 № 29/7-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5- тармағына сәйкес Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Бесқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 26/7-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3520 нөмірімен тіркелген, "Бесқарағай тынысы" газетінде 2014 жылғы 22 қарашада № 94 санында жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек 10400 (он мың төрт жүз) теңге мөлшерінде берілсін."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Бесқарағай аудандық
мәслихатының хатшысы*

С. ЕЛЕМЕСОВ

Қ. САДЫҚОВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК